



Үкімет жасанды интеллект технологиясын қолданып, медициналық қызметтердің сапасына және көлеміне мониторинг жүргізетін жаңа жүйе қалыптастыруға тиіс.

Елімізде дәрігердің мәртебесін көтеріп, әлеуметтік жағдайын жақсарту үшін нақты шаралар қабылданып жатыр. Бұл жұмыс өз жалғасын табады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

Біздің кеуіккер



ОҚЫРМАН ЖОҒАРЫ БАҒАЛАЙТЫН ГАЗЕТ

Роза РЫМБАЕВА,
Қазақстанның халық артисі,
Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты

Үлкен сахнада жүргеніме 50 жылға жуықтады. Осы аралықта кімнің кім екенін айыра алатын дәрежеге жеттік. Амандасып, есіктен кіріп келген журналистің қимыл-қозғалысынан-ақ қандай сұрақ қоятынын біле қоямын... Ал сөз саптауынан ол кәсіби маман ба, журналистика факультетінде оқыған ба, бұл да бірден сезіледі. Жасыратын несі бар, қырық жылғыны кешегідей сұрайтын, «дежурный» сауалдармен жалықтыратын тілшілер бар. Ондайда қысқа-нұсқа жауап беріп, сұхбаты аяқтағанша асығасың. Шүкір, сен туралы ізденіп, алдын ала әзірленіп келетін журналистер де арамызда аз емес. Олармен кәдімгідей ашылып, қызығып әңгіме-дүкен құрасың. Кейін ол халық үшін де ой салатын материал болатыны сөзсіз. «Ақтөбе» газетінің журналистерін сол қатарға қосамын. Өйткені Әлияның еліне келген сайын сіздерге молынан сұхбат беріп, оның кейін оқырман тарапынан жоғары бағаланатынын, қазіргі таңда көптің аузында жүрген әлеуметтік желілерде көп талқыланатынын білемін. Екі тараптың да еңбегі еш кетпеді деген — осы.

Біз — өнер адамдары, басқа да шығармашылық сала өкілдері ең алдымен идеолог екенімізді ұмытпауымыз керек. Аузымыздан шыққан әр сөз бен жасаған іс-қимылымызға қарап, кейінгі буын бой түзейді. Үлгі етеді. Сондықтан өзгелерге мейлінше игі істерімізбен көрініп, жақсылықты жазсақ деймін. Бір-біріміздің оңды тұстарымызды көре білсек...

Газет ұжымына шығармашылық табыс, барлық жақсылықты тілеймін. Жасай беріңіздер!

ОН АЙДАҒЫ ОҢ ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТАБЫСТЫ ЖОБАЛАР

Бүгінгі санда:



ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ДӘРІГЕРДІҢ ОРНЫН БАСА АЛМАЙДЫ, ТЕК ОҒАН КӨМЕКШІ БОЛА АЛАДЫ...

6



ЫСТЫҚ ЦЕХТА ШЫҢДАЛҒАН МЕТАЛЛУРГТЕР ОТБАСЫ

11

«Ақтөбе» газетіне 2026 жылға жазылу жүріп жатыр

Индекс	Жазылушылар санаты	Бағалар	
		қала	ауыл
65420	Жеке тұлғалар үшін	12 ай	17 311,98 тг
		6 ай	8 655,99 тг
66420	Заңды тұлғалар үшін	12 ай	25 086,96 тг
		6 ай	12 543,48 тг
67420	Жеңілдікпен алушылар үшін	12 ай	15 487,98 тг
		6 ай	7 743,99 тг



Көрсетілген байланыс телефондары арқылы жазылуға қатысты толық ақпаратты ала аласыздар:

8 (7132) 90-71-67 (редакция),
8 (7132) 90-12-19 («Қазпошта» АҚ).

ЖАЗЫЛУДЫ ҰМЫТПАҢЫЗ!